

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 шілде N 951

Атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.29. N 456 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) "Қаржы жүйелерін ақпараттандыру орталығы" (ҚЖАО) (шаруашылық жүргізу құқығында) (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.03.29. N 456 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысына тиісті өзгерістер енгізуді;<*>

2) Кәсіпорынды әділет органдарында қайта тіркеуді қамтамасыз етсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.29. N 456 қаулысымен.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 9 шілдедегі

N 951 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1119 қаулысымен .

3. "Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысына (Қазақстан

Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 9, 61-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің,
мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізілімі туралы ережеде:
5-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

4 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1129
қ а у л ы с ы м е н .